



Integrity code



Адалдық кодексі
2-нұсқа. Наурыз 2023

Біздің мақсаттары-мыз бен құндылық-тарымыз

Біздің миссиямыз
Адамдар мен қоршаған орта үшін жарықтың
шексіз әлеуетін көрсету.



Өзгерістерге дайын болу
Ашық болу
Күтілгеннен артық болу



Алуантүрлілікті бағалау
Басқаларды тыңдауға үйрену
Алды-артын байқап әрекет ету



Міндеттерге шығармашылық
тұрғысынан қарау
Қиындықтарға қарсы шығу
Алдына қойылған бағытты ұстану



Өзіне жауапкершілік алу
Оңай шешімдерін табу
Кемеліне жеткізу

Әрдайым адал әрекет жасау

Жұмысына адал және жауапкершілікпен қарау: барлығымыздың және әрқайсымыздың міндетіміз.

Жұмысына адал және жауапкершілікпен қарау – біздің өміріміз бен бүкіл әлемді жарқын ететін жарықтың шексіз әлеуетін көрсетуді көздейтін біздің мақсатымызға қол жеткізудің кілті. Бұл біздің алдымызда этика сұрақтары туындаған сайын дұрыс таңдау жасау қажет екенін білдіреді, біз бәріміз компания ретінде әрекет етуіміздің негізіне қаланған құндылықтарды сақтай отырып, мінез-құлықтың жоғары стандарттарына сәйкес келуіміз керек.

Мен Signify қызметкерлері де, басшылығы да әрдайым барлық жағдайларда адал және жауапкершілікпен әрекет етеді деп күтемін. Бұл жолда бізді Адалдық және жауапкершілік кодексі жетелейді. Ондағы баяндалған қағидаттардың мағынасын ғана түсініп қоймай, оларды күн сайын өмірде қолдану маңызды. Егер Сіз қандай да бір жағдайда не істеу керек екеніне күмәндансаңыз немесе білмесеңіз, үнсіз қалмаңыз, әріптестеріңізден кеңес сұраңыз. Жұмыстың тығыз кестесі және қандай да бір міндеттерді орындаудың қауырттығы дұрыс шешім қабылдауға немесе ісі адал емес немесе біздің стандарттарды сақтамайтын қызметкерлерді жауапкершілікке тартуға кедергі болмауы тиіс.

Жұмысына адал және жауапкершілікпен қарау сондай-ақ біздің өз моральдік компасымызды естен шығармауымызды және шешім қабылдауда оны ұстануымызды білдіреді. Таңдалған жол ең күрделі болып көрінгенмен, және осы сәтте ешкім біздің қимыл-әрекетімізді бақыламаса да әрқашан дұрыс істеу маңызды. Жұмысына адал және жауапкершілікпен қарау – бұл барлығымыздың және әрқайсымыздың міндетіміз.

Мен адалдық пен жауапкершілік қағидаттары әрқайсыңыз үшін бизнес жүргізудің негізіне айналады деп сенемін.

Эрик Рондола
Signify бас директоры



Мен бас директорымыз Эриктің біз барлығымыз «жұмысымызға адал және жауапкершілікпен қарауымыз керек» деген қысқа да нұсқа мәлімдемесінде баяндалған ұстанымын толығымен қолдаймын!

Ол тек Басқармаға, Басшылыққа немесе сіздің тікелей басшыңызға ғана қатысты емес. Бұл әрқайсымызға қатысты. Біз Signify компаниясында адалдық пен жауапкершіліктің бірдей жоғары стандарттарын ұстанатын әріптестермен бірге жұмыс істеуіміз үшін, біз бәріміз компаниямызға және өзімізге табыстылықты қамтамасыз ету мақсатында осы қағидаттарды ұстануымыз керек.

Біздің бизнес-орталығымыз алдымызға өте күрделі міндеттер қояды және біз күн сайын дұрыс таңдау жасауымыз қажет. Шешім қабылдау процесінің іргетасы біздің Адалдық және жауапкершілік кодексімізде баяндалған адалдық және жауапкершілік қағидаттары болып табылады.

Мен өзім бизнес-мақсаттары маңызды, бірақ біздің Адалдық және жауапкершілік кодексіміздің шеңберінен тыс шықпайтын компанияда ғана жұмыс істеуді қалар едім! Ал сіз ше?

Мишель Тьерри
Signify заң сұрақтары жөніндегі директоры



Адал және жауапкершілікпен жұмыс істеу – компаниямыздың құндылықтарының өзегі және жалпы міндетіміз. Қызметкерлеріміздің осы қағидаттарды сақтауға бейілділігі бизнесіміздің барлық салаларында сенім білдіру мәдениеті мен этикалық мінез-құлықты ұстауға мүмкіндік береді.

Біздің міндет-темелеріміз

Эрик Рондола

Бас директор
Директорлар кеңесінің мүшесі



Ровена Ли

Цифрлық өнімдер
бөлімінің басшысы



Кевин Пойк

Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы
кластер жетекшісі



Киран Брар

Кадрлар жөніндегі директор




Мишель Тьерри

Заң сұрақтары жөніндегі директор




Хавьер ван Энгелен

Қаржы директоры
Директорлар кеңесінің мүшесі



Харш Шиталь

Цифрлық шешімдер бөлімінің басшысы



Джон Ванг

Солтүстік-Шығыс Азия кластерінің
жетекшісі



Элис Стинланд

Стратегия және тұрақты даму жөніндегі
бас



Ви Ширл НГ

Ішкі аудит жөніндегі директор




Мария Летиция Мариани

Коммерция жөніндегі бас директор / дәстүрлі өнімдер кәсібінің басшысы
Директорлар кеңесінің мүшесі



Оливия Кью

Солтүстік және Оңтүстік Америка
нарықтар тобының басшысы



Даниэль Себиллаут

Операциялар бойынша бас директор



Энтони Томас

Цифрлық технологиялар және ақпарат
жөніндегі бас маман



Кіріспе

Адалдық Signify компаниясында бизнесті жүргізудің негізі болып табылады және ол күн сайын жұмыс орнында өзіңізден басталуы керек.

Адалдық кодексі бізге әрқашан адал болуды үйретеді және компаниямыздың беделін қорғауға көмектеседі.

Ол Signify компаниялар тобының барлық қызметкерлеріне қолданылады.

Сондай-ақ іскери серіктестеріміз де адалдық кодексіне енгізілген негізгі принциптерімізді сақтайды деп күтеміз.

Қолдану және әрекет ету саласы

Біздің Адалдық және жауапкершілік кодексіміз түпкілікті қамтымайды. Ол корпоративтік мінез-құлық стандарттарын орнату және сақтау үшін, сондай-ақ адалдық пен этикаға сәйкестікті бекіту үшін құрылған. Біз бәріміз адал және жауапкершілікпен жұмыс істеуіміз керек, және бұл міндетті басқа ешкімге тапсыруға болмайды.

Біздің Адалдық және жауапкершілік кодексіміз Басқарма мен Басшылықпен қабылданды. Ол қажеттілігіне қарай үнемі қайта қаралуы және жаңартылуы тиіс.

Бұзушылықтар

Біздің Адалдық және жауапкершілік кодексімізді сақтамаса, Signify үшін, сондай-ақ оны бұзушылар үшін де елеулі салдарға әкелуі мүмкін. Біздің Адалдық және жауапкершілік кодексімізді бұзу жұмыстан шығаруға дейін тәртіптік жазалауларға әкеледі. Бұзушылар сондай-ақ айыппұл төлеуге немесе түрмеге жабылуға ұшырауы мүмкін.

Үнсіз қалмаңыз

Егер сізге бір нәрсе дұрыс емес сияқты болып көрінсе, іс жүзінде солай болуы мүмкін. Әр осындай жағдайда үндемей қалмаңыз, өзіңізге төмендегі сұрақтарды қойыңыз:

- Бұл біздің Адалдық және жауапкершілік кодексімізге сәйкес келе ме?
- Бұл этикаға жата ма?
- Бұл заңды ма?
- Бұл маған және Signify компаниясына жақсы із қалдыра ма?
- Маған дәл осылай істегенді қалаймын ба?
- Бұл жұртқа кеңінен жариялануын қалаймын ба?

Егер осы сұрақтардың ең болмаса біреуіне жауабыңыз теріс болса, олай істемеңіз. Сіздің алдыңызда этика сұрағы туындаған сайын тікелей басшыңызға, этика жөніндегі сервиске немесе сіздің нарығыңыздағы нормативтік-құқықтық сәйкес келу жөніндегі маманға жүгініңіз. Егер біздің Адалдық және жауапкершілік кодексіміз туралы айтарыңыз болса, немесе біздің адалдық және жауапкершілік мәдениетімізді нығайту бойынша ұсыныстарыңыз болса, integrity@signify.com мекенжайы бойынша нормативтік-құқықтық сәйкес келу жөніндегі бөлімге жүгініңіз.

Егер сіз анонимділік сақтағыңыз келсе, бәрібір байланыста болыңыз, ол сіздің өтінішіңіз бойынша тергеу барысын қадағалауға (сізге арнайы құпиясөз беріледі) және


тергеушілерге сізбен байланысуға және тергеу барысында туындауы мүмкін нақтылаушы сұрақтар қоюға мүмкіндік береді.

Сіз ұсынған барлық ақпарат тек осы іспен айналысатын адамдарға ғана беріледі. Ол тергеуді бейтарап жүргізуге қабілетті тәуелсіз мамандар. Signify сізді компания істеріне адал ниетті алаңдаушылығыңызға байланысты туындауы мүмкін жағымсыз салдардан қорғайды. Барлық сұрақтар бойынша нормативтік-құқықтық сәйкес келу жөніндегі бөлімге жүгініңіз: integrity@signify.com

Қосымша ақпарат

Біздің «Legal @ Signify / Integrity and Legal Compliance» қауымдастығымызда қызметкерлеріміз үшін төмендегі құжаттарымыздың аудармалары жүктеледі: Адалдық және жауапкершілік кодексі, корпоративтік саясат жөніндегі негізгі құжаттар, нақты жағдайларды талдау, нұсқаулықтар, сұрақтар мен жауаптар, сондай-ақ қосымша нұсқаулар. Бұл жерде сонымен бірге нормативтік-құқықтық сәйкес келу жөніндегі мамандар тізімі және этика жөніндегі сервис туралы қосымша ақпарат орналастырылады.

Корпоративтік саясат



Integrity code
guide to acting
with integrity

Бұл жерде біздің Адалдық және жауапкершілік кодексімізді толықтыратын корпоративтік саясат жөніндегі барлық құжаттардың атаулары келтірілген, және олардың буклеттегі нөмірлері көрсетілген.

1. Жұмысына адал және жауапкершілікпен қарау – әрқайсымыздың міндетіміз



1.1 Біздің қызметкерлеріміз

Біз қауіпсіз еңбек жағдайларын және өнімді жұмыс істеу жағдайын қамтамасыз етеміз. Біздің ашық атмосферамыз – Signify көпқырлы ұжымының әр қызметкерімен адал қарым-қатынас құрудың кепілі. Біз бір-бірімізді адал және жауапты корпоративтік мінез-құлықты ұстануға шақырамыз.

1.2 Біздің клиенттеріміз

Біз сыртқы клиенттермен ынтымақтастық жасауға ұмтыламыз, себебі қызметіміз солардың айналасында құрылады. Біз клиенттердің қажеттіліктеріне аса көңіл бөлеміз және әрқашан оларға басымдылық береміз.

Біз клиенттеріміздің пікірлеріне зейін қоямыз және оларды клиенттермен бірге сапалылық, сенімділік және адал ниеттілік стандарттарына жауап беретін өнімдер мен шешімдер жасай отырып, жұмысымызда пайдаланамыз.

Технологиялар саласында лидер бола тұра, біз күтілгеннен асып түсіп, клиенттерге тек үздік шешімдерді ұсынамыз. Біздің өзгермейтұғын инновациялық тәсілдеміз клиенттерімізді таңғалдыруға және қуантуға мүмкіндік береді.

1.3 Біздің іскерлік серіктестеріміз

Біз іскерлік серіктестерімізбен өзара тиімді және ұзақмерзімді ынтымақтастыққа ұмтыламыз.

Біз қолданыстағы заңдарды сақтай және адам құқықтарын құрметтей отырып, өз кәсіби қызметіне адал және жауапкершілікпен қарайтын тұлғалармен жұмыс істеуді артық көреміз.


1.4 Біздің акционерлеріміз

Біз бизнесті жауапты корпоративтік басқарудың халықаралық қабылданған стандарттарына сәйкес жүргізуді, сондай-ақ компаниямыздың қызметі, құрылымы, қаржылық жағдайы және көрсеткіштері туралы сенімді ақпаратты уақытылы және үнемі ұсынуды көздейтін саясатты ұстанамыз. Біздің мақсатымыз – меншікті капитал табыстылығының тиімді деңгейі және сонымен бірге компанияда сенімді өсуді қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражаттың жеткілікті қорының болуы.

1.5 Жергілікті тұрғындар

Біз адам құқықтарын сақтаймыз және құрметтейміз және осы құқықтардың бұзылуына ықпал етпейтіндей жұмыс істеуге тырысамыз. Экологиялық жауапкершілік қағидатына сәйкес біз қызметіміздің қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуін барынша төмендету үшін барлық ақылға қонымды және мүмкін шараларды қолданамыз.

2. Жұмысына адал және жауапкершілікпен қарау



2.1 Адам құқықтарын құрметтеу

Адам құқықтарын құрметтеу-бұл біздің жұмысымыздың негізі. Біз физикалық және ауызша құдалау мен кемсітушіліктен бос жұмыс орнын құрамыз.

Біз балалар еңбегін, заманауи құлдықты, Адам саудасын немесе мәжбүрлі еңбекті пайдаланбаймыз.

Біз әділ жалақы төлейміз, ал жұмыс уақытының ұзақтығы тиісті заңнамада белгіленген ең жоғары шектен аспайды.

Біз өз қызметкерлеріміздің жергілікті заңнамаға сәйкес өздері таңдаған кез келген ұйымға кіру еркіндігін мойындаймыз және құрметтейміз. Біз олардың қуғын-сүргіннен, қорқытудан немесе қысымшылықтан қорықпай мұны істеу құқығын қолдаймыз.

Қызметкерлер заңды түрде танылған кәсіподақпен ұсынылған жерде біз сындарлы диалог құрамыз және қажет болған жағдайда олардың еркін таңдалған өкілдерімен келіссөздерге немесе консультацияларға қатысамыз.

Біз салауатты және қауіпсіз жұмыс ортасын сақтауға тырысамыз.

2.2 Әртүрлілік, теңдік және инклюзия


Біз жұмыс орнындағы әртүрлілікке, теңдікке және инклюзияға берілген тең мүмкіндіктері бар жұмыс берушіміз.

Табысты және инновациялық бизнес үшін әртүрлі жұмыс күші мен инклюзивті және әділ жұмыс ортасы қажет деп санаймыз.

Біз жұмыс ортасын қорлайтын немесе қорқытатын мінез-құлыққа жол бермейміз.

Біз әр түрлі ортадан қызметкерлерді тартуға тырысамыз. Бұл дегеніміз, біз барлық идеяларды, перспективаларды, тәжірибелер мен стильдерді жоғары бағалайтын ортаны атап өтеміз және жасаймыз. Біз нәсіліне немесе этникалық тегіне, жасына, гендерлік сәйкестігіне немесе өзін-өзі көрсетуіне, жыныстық бағдарына, тіліне, дініне немесе сеніміне, саяси немесе басқа сенімдеріне, мүгедектігіне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне немесе тууына немесе қолданыстағы заңнамамен қорғалған кез келген басқа мәртебесіне байланысты кемсітушілікке жол бермейміз. Біз осы факторларға қарамастан мүмкіндіктер мен ресурстарға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біздің теңдік пен инклюзивтілікке деген міндеттемеміз тең немесе ұқсас жұмыс үшін тең төлем саясатын қамтиды. Теңдікті қамтамасыз ету үшін біз жұмысқа қабылдауды, жәрдемақы төлеуді, жыл сайынғы жетістіктерді және жоғарылату бойынша ұсыныстарды реттейтін ресми жалақы саясаты мен тәжірибесін белгілейміз.



2.3 Қауіпсіз және салауатты жұмыс орны.

Біздің мақсатымыз-қауіпсіз және салауатты жұмыс орны. Әрбір қызметкер, мердігер және келуші біздің компанияның аумағында болсын, монтаждау және сервистік жобалар барысында немесе біздің басшылығымызбен өзге де қызмет барысында қауіпсіз жұмыс ортасына құқылы.

2.4 Signify активтерін және интеллектуалды меншігін қорғау

Біз Signify активтері мен ресурстарын, соның ішінде коммерциялық құпия мәртебесіне ие ақпаратты және басқа да қызметтік ақпаратты заңсыз, рұқсатсыз немесе жауапсыз қолданудан қорғаймыз. Біз сондай-ақ бізге үшінші тұлғалармен ұсынылған активтер мен құпия ақпаратты қорғаймыз. Біз патенттерімізді, тауарлық белгілерімізді, авторлық құқықтарымызды, өндіріс құпияларын және басқа да интеллектуалдық меншік түрлерін рұқсатсыз пайдаланудан және интеллектуалдық меншікке қатысты ақпаратты тиесілі емес жариялаудан қорғаймыз.

2.5 Қауіпсіздік – бірінші кезектегі басымдылық

Біз қызметкерлеріміз үшін қауіпсіз және қорғалған жұмыс ортасын қамтамасыз етуді және клиенттеріміз бен серіктестеріміз үшін сенімді және сенім тудыратын компания болуды қалаймыз.

Біз Signify цифрлы да, цифрсыз да активтерін қорғаймыз және сақтаймыз. Біз ақпаратты компанияға тек қызметтік қажеттілік жағдайында ғана береміз.

2.6 Дербес деректерді қорғау

Біз тұтынушыларымыздың, қызметкерлеріміздің, іскерлік серіктестеріміздің және өзге де мүдделі тұлғалардың жеке өмірінің қол сұғылмаушылығын сыйлаймыз және дербес деректерді лайықсыз пайдаланудан қорғаймыз. Біз жоғарыда көрсетілген тұлғалардың дербес деректерін тек заңды іскерлік мақсаттарда ғана өңдейміз. Дербес деректерді кез келген өңдеу осындай іскерлік мақсатқа байланысты болуы тиіс, сондай-ақ әділ, дәл, ашық болуы және еш жағдайда қажетті пайдалану аясынан тыс шықпауы тиіс.

2.7 Сапасы

Біз өз клиенттерімізге олардың күткенінен асып түсетін қауіпсіз, жоғары сапалы өнімдер мен қызметтерді ұсынуға тырысамыз. Біз қауіпсіздік ережелері мен сапа талаптарына сәйкес өнімдер мен қызметтерді әзірлейміз, табамыз, өндіреміз және жеткіземіз.

2.8 Қаржылық-шаруашылық операциялар есебінің дұрыстығы

Біз ақпараттың нақты және дұрыс есебін жүргіземіз. Біздің сыртқы есептілігіміздің мақсаты – баланстық есебімізде, пайда мен ақша ағындары туралы есептерде шынайы және нақты көріністі беру.

Біз анық емес түсіндірмеге және шынайылыққа сәйкес келмейтін пайымдауларға жол бермейміз. Біз Signify бухгалтерлік есеп қағидаттарына сәйкес төлемдер туралы ақпаратты бухгалтерлік есепке алудың тиісті кітаптарында көрсетумен мәмілелердің мөлдір, дәл, толық және уақтылы есебін жүргіземіз. Біз есепке алынбаған ақшалай қаражаттың немесе активтердің болуына жол бермейміз және бухгалтерлік есепке алу кітаптарында ескерілмеген құпия немесе жасырын шоттарымыз жоқ.

2.9 Әлеуметтік жауапкершілік ретінде салық

Біз сындарлы диалогқа ұмтылатын барлық тиісті салық органдарына толық және нақты ақпаратты, сондай-ақ уақтылы және әділ төлемдерді ұсына отырып, барлық талап етілетін салық декларацияларын тапсыруға тырысамыз.

Біз салықтық ашықтық пен жауапты салықты басқару бастамаларын алға тартамыз.

Біз салық ақпаратын бөліспейтін елдердегі заңды тұлғаларды пайдаланбаймыз және заңды тұлғаларды тек салық төлеуден жалтару үшін пайдаланбаймыз.

Біз салық төлеуден жалтаруға жәрдемдесу мақсатында шындықты бұрмалауда ешбір жағдайда ынтымақтаспаймыз.

2.10 Әділ және белсенді бәсекелестік

Біз қолданыстағы монополияға қарсы заңнамаға сәйкес белсенді, бірақ адал бәсекелестікке сенеміз. Бұл клиенттерге бәсекеге қабілетті бағамен өнімдер мен қызметтердің кең таңдауын ұсынады. Әділ бәсекелестікке ықпал ету, мысалы, бұл үшін нақты және тиісті негіздеме болған жағдайларды қоспағанда, біз бәсекелестермен байланыста болудан аулақ боламыз дегенді білдіреді.

2.11 Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (ізін жасыруға) қарсы тұру

Біз қылмыстық жолмен алынған кірістің ізін жасырумен айналыспаймыз, және біз күдікті операциялар, мысалы, көптеген делдалдар саны арқылы жасалған белгісіз ұйымдар арасындағы төлемдер туралы, ірі мөлшердегі қолма-қол есеп айырысу операциялары туралы, сондай-ақ күдікті ұйымдармен немесе жоғары қатер санатына жататын елдердің қатысуымен жүргізілген немесе алынған төлемдер туралы хабарлай отырып, қарсы тұрудың тиісті шараларын қолданамыз.

2.12 Бизнесі адал және жауапкершілікпен жүргізу: пара беру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру


Біз барлық іскерлік қарым-қатынастар мен операцияларда ашықтық, адалдық және этикаға сәйкестікті көрсетеміз. Біз ешқашан пара беру немесе сыбайлас жемқорлыққа тікелей де, жанама да қатыспаймыз.

Бұл, қызметкерлер ешқашан клиенттерді заңсыз түрде алу немесе өзіне ұстап қалу, немесе өзіне заңсыз артықшылықты қамтамасыз ету үшін ешқандай құнды заттарды (соның ішінде төлемдер, сыйлықтар немесе өзге де игіліктер) тікелей немесе жанама бермейтінін, ұсынбайтынын, уәде бермейтінін, қабылдамайтынын, алмайтынын немесе қабылдауға уәде бермейтінін білдіреді.

Біз іскерлік шешімдерге әсер етуі мүмкін, тәуелді қарым-қатынастарды құруы немесе лайықсыз мінез-құлық көрінісін жасауы мүмкін сыйлықтарды немесе басқа игіліктерді ұсынбаймыз және қабылдамаймыз. Біз сыйлықтарды тек олар ақылға қонымдылық және пропорционалдық талаптарына сәйкес келгенде және заңды іскерлік қарым-қатынастарды бекітуге бағытталғанда ғана ұсына аламыз және қабылдай аламыз. Біз формальдылықтарды жеңілдету мақсатында төлемдер жасауға тыйым саламыз. Біз ешқашан стандартты мемлекеттік процедураларды орындауды жеделдету немесе қамтамасыз ету үшін формальдылықтарды жеңілдету үшін төлемдер жасамаймыз.

2.13 Іскерлік серіктестердің адалдығы мен жауапкершілігі

Біз іскерлік серіктестерді мұқият таңдау процедурасын ұстанамыз. Біз тек жауапты іскерлік мінез-құлық қағидаттарын ұстанатын және оны көрсететін іскерлік серіктестермен ғана ынтымақтастық құрамыз. Біз делдалдарға төленетін комиссиялық төлемдер әрқашан заңды, негізделген,



мөлшерлес болуын және осындай іскерлік серіктестермен ұсынылатын нақты және түсінікті қызметтер үшін төленуін талап етеміз

2.14 Үкіметпен, саяси партиялармен және саяси қайраткерлермен жауапты өзара қарым-қатынас

Біз әрқашан мемлекеттік жобаларға немесе келісімшарттарға қолданылатын мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтаймыз. Біз саяси партияларға, саяси ұйымдарға немесе саясатпен айналысатын жеке тұлғаларға ақшалай қаражат немесе материалдық құндылықтар түріндегі жарналар төлеуге тыйым салатын саясатты қабылдадық.

2.15 Экспорттық бақылау және санкциялар ережелерін сақтау

Біз тауарлар, бағдарламалық жасақтама және қызметтердің тасымалдануын, сатып алуын және сатуын барлық қолданылатын заңнамалық нормалар мен экспорттық бақылау жөніндегі санкцияларға сәйкес жүзеге асырамыз. Бұндай сақтау тиісті елдерге, іскерлік серіктестерге және жеке тұлғаларға қолданылатын шектеулер арқылы, сондай-ақ тауарларды, бағдарламалық жасақтаманы, технологиялар мен қызметтерді ықтимал бақыланатын мәртебесі және экспорттау немесе тасымалдауға қойылатын шектеулері болуын анықтау мақсатында жіктеу арқылы қамтамасыз етіледі. Іскерлік қарым-қатынастарға түсу немесе мәмілеге қатысу алдында біз

барлық қолданылатын экспорттық және санкциялық шектеулерді бағалаймыз және осы қарым-қатынастар/мәмілелер рұқсат етілгенін анықтаймыз. Біз тиісті мемлекеттік органдарда барлық қажетті лицензияларды, рұқсаттарды немесе мақұлдауларды аламыз.

2.16 Тұрақты даму


Біздің заманымыздың мәселелерін шешу үшін тұрақты даму біздің компаниямыздың стратегиясы мен бизнесті жүргізу әдістерінің негізі болып табылады. Біздің өршіл тұрақтылық бағдарламамыздың арқасында біз қоршаған ортаға және қоғамға жағымды әсерімізді арттыруға тырысамыз.

2.17 Қоршаған ортаны қорғау

Біз өз қызметіміздің, бизнесіміздің және жеткізу тізбегінің қоршаған ортаға әсерін болдырмаймыз және азайтамыз. Біз қоршаған ортаға әсерді техникалық және экономикалық тұрғыдан тиімді түрде одан әрі азайту үшін мүмкіндіктер мен шешімдерді үнемі зерттеп отыруға тырысамыз.

2.18 Жарнама

Біз барлық жарнамалық және қаптамалық материалдар, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді алға жылжытуға арналған материалдар дәйекті ақпаратты қамтуын, тұтынушыны жаңылыстырмауын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келуін қадағалаймыз.



3. Қызметтен тыс әрекет етудегі адалдық және жауапкершілік



3.1 Мүдделер қайшылығына жол бермеу

Біз ешқашан корпоративтік және жеке істеріміздің арасында нақты және ықтимал мүдделер қайшылығының туындауына жол бермейміз. Біз мүдделердің нақты және ықтимал қайшылықтары туралы тікелей басшыға және нормативтік-құқықтық сәйкес келу жөніндегі маманға, олар оны бағалауы және қажет болғанда тіркеуі үшін, хабарлауымыз міндетті. Біз Signify активтерін жеке пайда табу үшін емес, тек компания мақсаттарына қол жеткізу үшін ғана пайдаланамыз.

3.2 Саяси қызметке қатысу

Біздің саяси көзқарастарымыз еңбек қызметіне әсер етпеуі тиіс. Біз Signify активтерін, соның ішінде өз жұмыс уақытымызды өз саяси қызметіміздің мақсатында немесе өз саяси мүдделеріміз үшін пайдаланбаймыз.

3.3 Ішкі ақпарат

Біз халыққа жариялануы Signify құнды қағаздарының нарықтық құндылығының өзгеруіне әкелуі мүмкін ақпаратты теріс пайдаланбаймыз және жарияламаймыз (бұдан әрі – «ішкі ақпарат»). Біз ішкі ақпаратты оған қоғамдық қол жеткізу уәкілетті тұлғалармен рұқсат етілмегенше қатаң құпиялылықта сақтаймыз.

Ішкі ақпаратқа қолжетімділігі бар Signify қызметкерлері Signify құнды қағаздарымен тікелей немесе жанама операциялар жасаудан қалыс қалады және басқа тұлғаларды осындай әрекеттер жасауға кеңес беруге немесе осындай әрекеттерге түрткі жасауға құқылы емес.

3.4 Әлеуметтік желілер

Біз әлеуметтік желілерді сыртқы және ішкі коммуникациялар үшін пайдалануға жауапкершілікпен қараймыз. Бұндай коммуникацияларда біз өзімізді Signify қызметкерлері деп атаймыз және аудиториямызға құрметпен қараймыз. Біз қызметімізде кәсіптілікті ұстанамыз, үшінші тұлғалардың ақпаратын олардың келісімінсіз жарияламаймыз және қорлаушы және кемсітуші сөздерді қолданбаймыз.

Біз құпия ақпаратты (соның ішінде Signify қаржылық ақпаратын, Signify интеллектуалдық меншігі туралы ақпаратты және кез келген басқа жабық және құпия ақпаратты), бизнес-жоспарларды, қызметкерлер немесе өнімге қатысты алдағы анонстар туралы ақпаратты талқыламаймыз және пікір білдірмейміз.

